

## Бөрлі ауданы бойынша 2016 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 42 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 4268 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 785 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 09.11.2016 № 785 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес Бөрлі ауданы бойынша 2016 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін.
2. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындастырын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 100 "2015 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3838 тіркелген, 2015 жылы 19 наурызда "Бөрлі жаршысы – Бурлинские вести" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
4. Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмысы бөлімінің басшысы (А. Дарисов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Сафималиевке жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. Тусупкалиев

Бөрлі ауданы әкімдігінің  
қаулысына  
қосымша

## **Бөрлі ауданы бойынша 2016 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі**

1. Жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби білім алған жұмыссыздар;
2. Бір жылдан астам жұмыс істемеген адамдар;
3. 50 жастан асқан жұмыссыз азаматтар;
4. Жоғары оқу орындарының және техникалық және кәсіптік білім беру үйимдарының студенттері жазғы демалыс кезеңінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК